


АО «НК «ҚТЖ» УЖЕ СЕГОДНЯ РЕАЛИЗУЕТ МАСШТАБНЫЕ ПРОГРАММЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ЦИФРОВИЗАЦИИ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРЕВОЗКАМИ И ОБНОВЛЕНИЯ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА, ОДНОВРЕМЕННО ЗАПУСКАЯ НОВЫЕ ЛОГИСТИЧЕСКИЕ ХАБЫ, СТРОЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТЕРМИНАЛЫ И ПОГРАНИЧНЫЕ ПЕРЕХОДЫ НА ГРАНИЦАХ С КИТАЕМ, РОССИЕЙ, СТРАНАМИ СРЕДНЕЙ АЗИИ И ЗАКАВКАЗЬЯ.

Калтай САМБЕТОВ,
член Консультативного совета
АО «НК «Қазақстан темір жолы»



№56 (3095)
25/07/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚТЖ И РЖД УСИЛИВАЮТ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО

В Москве состоялась рабочая встреча председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгата Алдыбергенова с генеральным директором – председателем правления ОАО «РЖД» Олегом Белозеровым.

Руководители компаний подтвердили курс на усиление стратегического партнерства и обсудили реализацию Соглашения о стратегическом партнерстве, подписанного в ноябре 2024 года в Астане.

В результате переговоров стороны подписали протокол, предусматривающий совершенствование работы на межгосударственных стыковых пунктах: изменение направления вагонопотоков; автоматизации технологии приема/сдачи поездов; удлинение гарантийных плеч обслуживания вагонов.

Это позволит во втором полугодии текущего года увеличить на 30% количество передаваемых составов через МТК Север – Юг; интеграции информационных систем в рамках проекта АСОУП-2 и по автоматизации железнодорожного транзита по всем транзитным грузам в сообщении Китай – Европа с оформлением транзитной декларации в автоматическом режиме и ее совместимости с информационными системами российских и белорусских железных дорог.



Принято решение рассмотреть на заседании Совместной рабочей группы дальнейшее увеличение объемов перевозок и приема/сдачи поездов на 2026 год.

Казахстанская сторона отметила, что в текущем году завершается строительство крупных инфраструктурных проектов: Достык – Мойынты, железнодорожного обхода Алматинского узла и модернизация более трех тысяч километров действующих линий, что существенно повысит пропускную способность дорог АО «НК «ҚТЖ».

– Уверен, что наше конструктивное сотрудничество, в том числе в рамках реализации Соглашения о стратегическом партнерстве и совместной работы в рамках МГСП, позволит не только обеспечить устойчивый рост объемов перевозок, но и увеличить обмен поездов на 30%, до 85 пар в сутки, по сравнению с первой половиной 2025

года. Мы также активно реализуем масштабные инфраструктурные проекты, цифровизацию и автоматизацию железнодорожных перевозок, в том числе оформление в автоматическом режиме транзитных деклараций, что создает прочную основу для прозрачности, дальнейшего роста и интеграции наших транспортно-информационных систем, – подчеркнул председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов.

К слову, сейчас наблюдается устойчивый рост объемов перевозок. Так, по результатам шести месяцев текущего года объем составил более 45 миллионов тонн, что на 4,1% выше уровня аналогичного периода прошлого года. Контейнерный транзит составил 273,3 тысячи ДФ и показал рост на 18% к 2024 году.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Абзала КАЛИЕВА

«JIBEK JOLY» – ЖАҢА МАУСЫМДА



«Жолаушылар тасымалы» АҚ ұйымдастырған «Jibek Joly 5.0» туристік пойызының жаңа маусымы 19 қыркүйекте басталады. 6 күнге созылатын сапар барысында жолаушылар Алматы – Түркістан – Отырар – Самарқанд – Бұхара – Ташкент – Алматы бағытымен жүріп өтіп, Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи және мәдени орындармен танысады.

Айта кетейік, туристік пойыздың кезекті маусымын іске қосу Ұлттық тасымалдаушы үшін дәстүрге айналған. Бұл жолғы құрам – Қазақстан мен Өзбекстан арасында қатынайтын «Jibek Joly» туристік пойызының бесінші сапары. Бұған дейінгі маусымдарда бұл тұрға 1000-нан астам турист қатысқан.

«Jibek Joly» пойызы 4 купе және 1 мейрамхана вагоны бар – 5 вагоннан тұрады. Туристік пойыз заманауи, жайлы, отандық өндірістен шыққан вагондардан құралған. Ішкі ұлттық нақыштағы дәстүрлі ою-өрнектермен безендірілген.

Бағыт Қазақстан мен Өзбекстанның мәдени және тарихи орталықтарын қамтиды. Алты күн ішінде тур қатысушылары Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар қалашығы, Бұхарадағы Арк қамалы мен Ляби-Хауз алаңы, Самарқандтағы Әмір Темір кесенесі мен Регистан алаңы, Ташкенттегі Төле би кесенесі мен Хазрет Имам мемориалдық кешені сияқты ірі сәулет және тарихи ескерткіштерді аралайды.

Туристік пакет құнына пойызбен жол жүру, кәсіби гидтермен бірге жүретін туристік бағдарлама, экскурсиялар мен барлық кіру билеттері, сондай-ақ тuroператорлар ұйымдастырған трансферлер кіреді.

Туристік пакет құнына пойызбен жол жүру, кәсіби гидтермен бірге жүретін туристік бағдарлама, экскурсиялар мен барлық кіру билеттері, сондай-ақ тuroператорлар ұйымдастырған трансферлер кіреді.

Ұлан ОРАЗ

ПЕРВЫЙ КОНТЕЙНЕРНЫЙ ПОЕЗД ОТПРАВЛЕН



АО «KTZ Express» реализовало мультимодальную перевозку первого контейнерного поезда из провинции Шаньси (КНР) в Азербайджан по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (TMTM).



Состав, состоящий из 50 стандартных контейнеров с комплектами фотоэлектрических модулей общим весом более 1 150 тонн, был сформирован и отправлен из логистического центра «Чжундин» в городе Цзиньчжуэ. Поезд проследовал по территории Казахстана и прибыл в порт Актау. Далее груз был переправлен морским путем в Азербайджан.

Запуск нового маршрута из северного Китая по Среднему коридору демонстрирует возрастающее значение ТМТМ, а также укрепляет статус Казахстана как ключевого транзитного звена в логистике Евразии.

ҚТЖ продолжает развивать мультимодальные решения, обеспечивая надежную и быструю доставку грузов из Китая в страны СНГ, Кавказа, Турцию и Европу.

Алуа ТЛЕУБАЙ

Жұмысшы мамандықтар жылы

«КӘСІБІНІҢ ҮЗДІГІ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Елордада Мемлекет басшысының тапсырмасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында үздік машинистерді анықтауға арналған «Кәсібінің үздігі» байқауы өтті.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Байқауға 3 компаниядан 18 машинист пен машинист көмекшілері қатысты. Атап айтқанда, теміржолда тасымалды ұйымдастырумен айналысатын ұлттық тасымалдаушы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және тәуелсіз тасымалдаушылардың локомотив бригадалары бақ сынады. Әр компаниядан 3 машинист және 3 көмекшіден шығып, білімі мен біліктілігін сынға салды. Екі күндік байқаудың алғашқы күнінде барлық қатысушылар өздерін слайдтар арқылы таныстырып, бала кезден бергі армандары қалай жүзеге асқанын баяндады. Олар «Мен неге машинист мамандығын таңдадым?», «Локомотив шаруашылығы 10 жылдан соң қандай болады?», «Кәсіби шеберлікке бастар

жол», «Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі локомотив бригадаларының ролі», «Машинист жұмысындағы заманауи технологиялар: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» деген тақырыптардың бірін тандап, өздері жайлы слайд арқылы таныстырды. Екінші кезеңде қатысушыларға арналған зияткерлік викторина ойыны өтті. Үшінші кезеңде олар тәжірибелік сынақта іс жүзіндегі біліктілігі мен білімін сынға салды, яғни электровазын жүргізу барысындағы жұмысына баға берілді.

Қазылар алқасының құрамында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотивтерді пайдалану департаментінің бас менеджері Иван Костыря болды. Байқаудың ашылуында сөз алған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС локомотивтерді жөндеуді ұйымдастыру департаментінің директоры



Елдос Тоқбергенов: «Бұл байқау – кезінде «Локомотив» АҚ-да бастау алған салалық дәстүрлі жарыс. Бүгін міне тасымалдаушысы қай компания екеніне қарамастан мамандықтары басын біріктіретін, кәсібіне адал машинистер мен олардың көмекшілері жиналып, сол дәстүрдің одан әрі жалғасуына септік етуде», – деді.

Қорытындысында барлық кезеңдер бойынша жоғары деңгейде нәтиже көрсеткен жеке тасымалдаушылардың қызметкерлері жүлделі орындар алды. Ал ҚТЖ машинистері байқауға қатысқаны үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС атынан бағалы сыйлықтарға ие болды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ХОРГОС – В ПОЗИЦИИ ЛИДЕРА

Железнодорожный пункт на границе с Казахстаном увеличил грузопоток до 22,2 миллиона тонн.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

Контрольно-пропускной пункт Хоргос на казахстанско-китайской границе демонстрирует устойчивый рост: за первое полугодие 2025 года объем экспортно-импортных перевозок через него составил 22,2 миллиона тонн. Это на 4,3% больше по сравнению с аналогичным периодом 2024 года.

Согласно данным, опубликованным агентством «Синьхуа» со ссылкой на Хоргосскую таможню, КПП Хоргос занял первое место по объему грузопотока среди всех пунктов пропуска Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая. Основной

рост обеспечен благодаря улучшению логистических процессов и активному железнодорожному и автомобильному взаимодействию с Казахстаном.

В структуре импорта через Хоргос преобладают электромеханическая продукция, необработанная медь, сельхозтовары, продовольствие и металлическая руда. Особенно заметен рост поставок импортных пищевых продуктов.

Экспорт через КПП представлен прежде всего автомобилями на новых источниках энергии, изделиями электронной промышленности, высокотехнологичной продукцией, одеждой и текстилем.

Расположенный на стыке ключевых евразийских торговых маршрутов, Хоргос

играет стратегическую роль в развитии Транскаспийского международного транспортного маршрута и логистического коридора Китай – Европа через территорию Казахстана.

Это один из самых загруженных сухопутных портов Китая на западном направлении, имеющий не только историческое значение, но и современную инфраструктуру. С внедрением новых цифровых решений и таможенных реформ эффективность оформления грузов в Хоргосе продолжает расти. Это особенно важно для ускорения транзита по маршруту Китай – Казахстан – Европа.

Для Казахстана Хоргос остается ключевым звеном во внешнеэкономических связях с Китаем и опорной точкой развития экспортного и транзитного потенциала. Активность на железнодорожном направлении способствует укреплению логистической стабильности и расширению возможностей для бизнеса.



Руслан МАХАШОВ,

Қызылорда ЖТ бөлімшесі
Қазалы станциясы бастығының
орынбасары:



БИЫЛҒЫ АЛТЫ АЙДА 111 ПОЙЫЗ ҚҰРАСТЫРЫЛЫП, 426 ПОЙЫЗ БӨЛШЕКТЕЛГЕН. ПОЙЫЗДАРДАН 27 136 ВАГОН АЖЫРАТЫЛЫП, 28 035 ВАГОН ҚАЙТА ҚҰРАМҒА ЕНГІЗІЛГЕН.

Бұл – өріпестерімнің уақытты тиімді пайдаланып, нақты міндетті жауапкершілікпен атқаруының жемісі. Сондай-ақ 435 вагонға арналған жұмыс паркін 266 вагонға дейін азайту – өзара үйлесімділік пен кәсіби тәжірибе нәтижесі. Біздің станцияда әрбір теміржолшы өз орнында және кәсіпқой теміржолшының бәрі қазалыда десем, қателеспеймін

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ

16 млн тонн

УГЛЯ ОТПРАВЛЕНО
НА ЭКСПОРТ ПО СЕТИ
АО «НК «ҚТЖ».

СВЫШЕ

700 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ПУТЕЙ ОТРЕМОНТИРОВАНО
В РАМКАХ ПУТЕВЫХ
РАБОТ ЗА ПЕРВОЕ
ПОЛУГОДИЕ 2025 ГОДА.

КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ
ВЕДЕТСЯ В

16

ДОМАХ ОТДЫХА
ЛОКОМОТИВНЫХ БРИГАД –
ДЛЯ СОЗДАНИЯ КОМФОРТНЫХ
УСЛОВИЙ ТРУДА.

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

 Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Бүгінде құрылысы қызу жүріп жатқан Қандыағаш теміржол вокзалындағы жөндеу жұмыстарының тапсырыс берушісі – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы. Жоба ұлттық компания басқаруында.

Ал вокзалды жөндеу жұмыстарына жауапты мердігер ұйым – «Абай-С» ЖШС танылған. Жөндеу жұмыстарының жалпы құны – 2,6 млрд теңге. Қайта жаңғырту жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланды. Жуырда Ақтөбе әкімі Асхат Шахаров Мұғалжар ауданына жұмыс сапары аясында Қандыағаш вокзалындағы жаңғырту жұмыстарымен танысты.



Нысанды аралау кезінде облыс әкімі вокзал инфрақұрылымын жаңартудың тұрғындар мен қонақтардың өмір сапасын арттырудағы маңызын атап өтті. Қазіргі таңда вокзалдағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жертөледегі ескі есіктер мен силикатты қабырғалар бұзылып, шатырды тексеру жұмыстары басталған. Жылу жүйесін бөлшектеуге дайындық жүріп жатыр, құрылыс қалдықтары шығарылуда.

«Теміржол вокзалы – қаланың қақпасы. Ол заманауи, қауіпсіз және барлық адамға – жолаушыларға, қызметкерлерге, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуы тиіс. Біз бұл жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауымыз керек. Оны қадағалау – барлығымыздың міндетіміз», – деді Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров.

Суретті түсірген автор

ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

 Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей жол дистанциясында жазғы жол жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Сайкесінше теміржолшылар үшін еңбекке қолайлы жағдай жасау, еңбек және өндірістік қауіпсіздікті сақтау шаралары алдыңғы орынға шықты.



Қазіргі күні Жаңа-Семей – Дегелең, Семей – Локоть бағытына қызмет көрсететін ПЧ-39 мекемесінде 218 адам зиянды әрі қауіпті еңбек жағдайында қызмет етуде. Оның ішінде 50 теміржолшы зиянды деп есептелетін жағдайда еңбек етеді. Барлығы да толық көлемде сүт өнімдерімен қамтылған.

Сонымен қатар дистанция қызметкерлері еңбек ететін желі бойында екінші тоқсанда қосымша тексеру шаралары жүргізіліп, тұрмыстық қажеттіліктер түгенделген. Арнайы гардеробтар, шкафтар әзірленіп, керек-жарақтар жүз пайыз қамтамасыз етіліпті. Дегенмен теміржолшылар сұранысына орай жаз мезгілінде әлі де атқарылуы тиіс шаралар бар. Мәселен, желі бойындағы душ кабиналарының санын 15-ке жеткізу керек.

Еңбек және өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша тек екінші тоқсанның өзінде ғана дистанция басшысы Рахат Ботаспаев және бас инженер Мырзабек Керейбаевтың қатысуымен 38 арнайы тексеру жүргізілген. Өндірістік телімдер, цехтар да толық назарға алынып, теміржолшылар игілігі үшін 56 мәселе қағазға тіркелген.

Жолшылар үшін жылыну үйшіктерінің маңызы зор. Бұл орайда Дегелең, Шаған, Белағаш, Талды, Ауыл, Дүйсекен, Семей және Жалпақ станцияларында қосымша жылыну пункттері салынып, мұндай нысандар саны 25-ке жеткізіліпті.

Жыл басынан бері ешкім тәртіптік жазаға тартылмаған. Қызмет барысы техникалық нормаларға сай, арнайы нұсқау аясында өтуде. Соңғы үш ай ішінде 12 техникалық дәріс өткізіліпті. Ал арнайы аттестациялаудан 331 теміржолшы өтіп, еңбекті қорғау бойынша білімдерін дәлелдеген.

– Жыл басынан бергі ең үлкен жетістігіміз сол, бірде-бір өндірістік жарақаттануға жол берген жоқпыз. Сол тәртізді жүрек-қан тамыры ауруларының алдын алу бойынша да кешенді түрде жұмыстар жүргізілуде, – дейді ПЧ-39 мекемесінің еңбекті қорғаудың жетекші инженері Гүлзавира Елемесова.

Айта кетер жайт, еңбекті қорғау шараларын ұйымдастыруда жыл басынан бері кешенді жоспар жасалынып, қажетті көлемде қаражат бөлінген болатын. Әр тоқсан бойынша белгіленген қаржы толық игерілуде.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Биыл теміржол саласының нысандарын, оның ішінде талай жыл жөндеу көрмей тозығы жеткен теміржол вокзалдарын заманауи сұраныстарға сай қайта жабдықтау, жаңарту-жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Осы бағытта Мағыстаудың Бейнеу станциясында жүріп жатқан ауқымды жұмыстарға жан-жақтан теміржолшылар көмекке барып, асарлатып жатқан жайы бар.

 Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Вокзалда жүріп жатқан күрделі реконструкциялау-жөндеу жұмыстары барысында ескі ғимараттың ішінде орналасқан СОБ қондырғыларын жана ғимаратқа көшіру үшін жан-жақтан келген арнайы мамандар көмекке жұмылдырылған. Соның ішінде Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының тәжірибелі мамандары да аталған іске бір кісідей атсалысуда. Дистанция электромеханиктері Нұрлан Жәнібеков пен Жанарыс Атаханов үшін бұл тек кезекті іссапар емес, жан-жақтан жиналған әріптестер арасындағы өзара тәжірибе ал-

масу болды. Өйткені белгі беру және байланыс құрылғыларына күрделі монтаждау және қайта құру жұмыстарын жүргізіп, ескі ғимараттан жаңа орынға көшіру оңай шаруа емес екені екібастан белгілі. Сондықтан бұл жұмысқа ШҰ-лардың ең тәжірибелі деген мамандары шақырылған. Олар теория мен практиканы ұштастыра отырып, электрлік сызбаларды қалпына келтіру, кабель төсеу, дәнекерлеу мен монтаждау секілді жауапты жұмыстарды мінсіз орындап шықты.

– Бейнеу станциясында ауқымды жұмыс атқарылуда. «Жұмыла

көтереген жүк жеңіл» демекші, маңғыстаулықтарға жан-жақтан келген әріптестер көмектесіп жатырмыз. Вокзалды жаңарту барысында бұрынғы ғимараттағы СОБ құрылғылары жаңа орынға көшіріліп жатыр. Жобаға сәйкес кабель төсеу, пайка жасау, схемаларды қалпына келтіру секілді жұмыстар аса мұқият әрі сауатты атқаруды қажет етеді. Біз осы жұмысқа өз үлесімізді қосып, маңғыстаулық әріптестерге қол ұшын созғандар қатарында болғанымызға қуаныштымыз, – дейді Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының

инженері Нұрлан Жәнібеков.

Электромеханик – аса ептілік пен дәлдікті талап ететін күрделі кәсіп иесі. Бұл тұрғыда қызылордалықтар арасында сызба мен схемаларды жетік танитын, әрбір істі жоғары жауапкершілікпен орындайтын тәжірибелі электромеханиктер аз емес. Олар үшін әр сымды жалғау – жай ғана механикалық жұмыс емес, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі. Сондықтан олар республикамыздың әр өңірінде өтетін техникалық жобаларға жиі шақырылады.

Суретті түсірген автор

ТАРИФ ӨСІМІ: КІМГЕ ТИІМДІ, КІМГЕ ТИІМСІЗ?



Соңғы төрт жылда реттелетін теміржол тарифі, яғни магистральдық желі және локомотивтің тартымдық қызметтеріне 2 есе шамасында өсті. Тек 2023 жылы олар үш рет көтерілсе, ал өткен жылы 5 рет өскен. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап магистральдық теміржол желісінің (МТЖ) қызметтеріне тариф тағы 3%-ға ұлғайтылды.

 Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Бұдан басқа, 7 наурыздан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ экспорттық қатынаста вагондарда жүктерді тасымалдауға және оларды импорттық қатынаста бос қайтаруға жекелеген жүк жөнелтушілерге қатысты 3,0-ге дейінгі мөлшерде ең жоғары баға шегін қолдануда, бұл нарық қатысушыларының пікірінше, МТЖ қызметтеріне тарифтердің үш еселенген деңгейіне сәйкес келеді.

Ұлттық компания МТЖ қызметтеріне тарифтерді орта есеппен 48%-ға арттыруға өтінім жолдады. Бұл ретте жаппай жүктерді (көмір, астық, кен) тасымалдауға тарифтердің өсуі 66%-ды, ал вагондардың бос жүруі 95% құрайды. Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2025 жылғы 10 сәуірден бастап локомотивтің тартымдық қызметтеріне тарифтерді 35%-ға арттыру бойынша өтінім берді.

Алайда, нарық қатысушылары мұнымен келіспеуде, олар экспорттық теміржол тасымалы тарифтерінің күрт өсуі экономиканың барлық салаларын тоқтап қалу қаупіне ұшыратты деп мәлімдеді. Айта кететін жайт,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ МТЖ қызметтеріне үш есе арттыру коэффициентін енгізгеннен кейін көп ұзамай астық пен ұнды тасымалдауға қатысты оның күшін жойды. Соған қарамастан компаниядағылардың айтуынша, бүгінде әлеуметтік маңызы бар жүктерге олардың өзіндік құнынан төмен тарифтер белгіленіп, «ҚТЖ» ҰК» АҚ олар бойынша тікелей шығынға ұшырап отыр. Осы ретте бұл тасымалдар жүк айналымының 70% шамасын құрайды және оларға компания тарапынан жанама субсидиялау жүзеге асырылуда.

Тарифтердің өсуі – мәжбүрлі шара, бұл – көптеген жылдар бойы қолданылып келген баға шектері механизмінің жойылуының нәтижесі. Инфляция және инфрақұрылымды ұстау құнының өсуі жағдайында неғұрлым нарықтық тәсілге көшу қажет. Дегенмен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ келісімге келуге дайын екендігін көрсетуде. Компания 8 маусымнан бастап бұрынғы тарифтік модельдің күші жойылатынын мәлімдеді. Егер тиісті шешім Республика Үкіметі деңгейінде қабылданса, тарифтерді мерзімінен бұрын төмендетуге болады. Сонымен қатар егер

тарифтер өткен күнмен кері саналса, 19 мамырдан бастап артық төлемдердің өтем-ақысы қарастырылған. Мамыр айының ортасында ел Үкіметі жанындағы Мемлекеттік комиссия бұрынғы тарифтеу жүйесіне оралып, баға шектерінің тетігін жою туралы шешім қабылдады. Алайда, нарық қатысушыларының пікірінше, тәжірибеде әлі ешқандай өзгерістер болмаған, сол бұрынғы тарифтер қолданылуда. Соңғы сөз Ұлттық экономика министрлігінде; 19 мамырдағы шешім күшіне енді ме және экспорттық бағыттар бойынша тарифтеу қандай түрде қолданылуы тиіс, ресми түсініктеменің бөрілуі күтілуде.

Ал теміржол көлігімен жүк тасымалдау қызметтеріне тарифтерді көтеру қажеттілігіне негізгі себептер, еңбекақы төлеу шығындарының өсуі, электр энергиясы, теміржол инфрақұрылымын жаңғырту қажеттілігі, ЖЖМ бағасының өсуі, локомотивтер мен вагондарға техникалық және сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ инфрақұрылымды кеңейтуге және жылжымалы құрамды сатып алуға бағытталған инвестициялар болып отыр.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Бұл өткел ел аузында «Қазбакалейторг» аталса, теміржолшылар үшін 3 294 шақырымдағы автокөлік жолымен түйсетін өтпе. Қала әкімінің тапсырысымен автокөліктерге арналған төрт жолақты даңғыл көпір теміржол үстінен өтетін болады. Сала мамандарының айтуынша, нысанды жыл соңына қарай қолданысқа беру жоспарланған.

Шымкент жол дистанциясының бас инженері Нұрсұлтан Дүйсебаевтың айтуынша, 3 294 шақырымның 9-пикетіндегі күзетпелі бақылау бекеті ресми құжат бойынша I санатқа жатады. Шымкент қаласы мен халқы тығыз орналасқан Сайрам ауданы тұрғындары қалаға қатынайтын негізгі жол. Мұнда тәулігіне 12 мыңнан астам көлік пен түрлі санатты 60-қа жуық жылжымалы құрам өтеді.

Тәуліктік қозғалыс белсенділігі жоғары нысан болғандықтан жергілікті билік осы маңға көпір салу жөнінде шешім қабылдап, оны «Береке-А» құрылыс корпорациясы іске асыратын болып шешім қабылданған. Өткен жылдың екінші жартысынан бастап коммуникациялық желілерді реттеу жұмыстары Шымкент жол дистанциясының мамандарымен бірлесе қолға алынып, 2-3 ай ішінде жоспар ойдағыдай орындалған.



Қазіргі кезде аталған құрылыс нысанында өте күрделі бөліктерінің 75-80 пайызы сәтті іске асырылды. Құрылысқа жұмылдырылған 100-ге жуық жұмысшының 40-қа жуығы арнайы техникаларды тізгіндейтін механизаторлар. Жұмыс жоспарға сай жүргізілуде. Жуырда ғана темір жол үстінен өтетін 3 шақырымға жуық асфальт жолдың астындағы көпірдің 3 қатарлы 3 тіреу колоннасының негізі деп танылатын баған-қабырғаның үшеуі тұрғызылды. Сөйтіп, қос тараптан түбі нықтап тұрғызылған баған үстіне 42 метрлік темірбетонды балкалар орнатылды.

– Осы балкаларды орнату үшін теміржол мекемесінің жетекшілерінен аталған құрылыс аумағындағы теміржол қозғалысын 72 сағатқа тоқтату туралы сұраныс хат жібергенбіз. Олардың әбжіл әрекетінің арқасында біз жоспарланған жұмысты мерзімінен бұрын,

2 тәулік ішінде орындап шықтық, – дейді «Береке-А» құрылыс корпорациясының прорабы Әділбай Сарымбетов.

Қазіргі кезде оңтүстікте 40-50 градус аптап ыстық. Бұл жағдай жұмыс қарқынын бауалатып, құрылысшыларға салмақ салатыны рас. Ендігі кезекте қалған 2 қатарлы бетонды бағаналарды тұрғызып, үстіне жабынды балкалар орнатылады. Бұл – құрылыс нысанындағы келесі еңсерілуі тиіс кезең. Содан соң бетонды қабырғалар арқылы жол биікке көтеріліп, өтпенің оңтүстік тұсында арнайы айналма жолдар салынады. Ал солтүстік тұсындағы автокөлік жолдары темір жолды жағалай көпір астымен төселеді және төртжолақты теміржол өтпесінің қос қапталында жаю жүргіншілерге арналған жол болады.

Суретті түсірген автор

Актуально

ЦИФРОВЫЕ РЕЛЬСЫ ИНТЕГРАЦИИ

АО «НК «КТЖ» расширяет электронный документооборот в международных перевозках.

 **Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Переход к электронным транспортным документам на железной дороге ускоряет логистику, снижает издержки и укрепляет позиции Казахстана как транзитного хаба Евразии. Цифровизация стала неотъемлемой частью повседневной работы железнодорожников.

Железные дороги Казахстана уверенно идут по пути цифровых преобразований. Все больше грузов оформляется в электронном формате благодаря системной работе АО «НК «Қазақстан темір жолы» с партнерами по ЕАЭС. По итогам 2024 года уровень обмена электронными транспортными документами (ЭТД) между ҚТЖ и железнодорожными админи-

страциями России и Кыргызстана превысил 80%.

Об этом сообщил министр по торговле Евразийской экономической комиссии Андрей Слепнев, отметив, что цифровизация в сфере железнодорожных перевозок стала важным инструментом углубления интеграции. Электронный документооборот позволяет бизнесу ускорить доставку, сократить бумажные процедуры и снизить издержки.

К 2024 году страны ЕАЭС обеспечили переход на ЭТД в грузовых железнодорожных перевозках между Казахстаном, Россией и Беларусью. Уровень обмена между РЖД и Белорусской железной дорогой достиг 90%, между ҚТЖ и РЖД – около 79%, между ҚТЖ и Кыргызской железной дорогой – более 80%.

Важным направлением остается сотрудничество с Китаем. По данным ЕЭК, обмен электронными сообщениями между казахстанскими и китайскими железнодорожными дорогами по итогам 2024 года обеспечен на уровне 80-90%. Это особенно значимо в условиях развития Среднего коридора и роста объемов транзитных перевозок.

Необходимость цифровой трансформации железнодорожной сферы поддерживают лидеры стран ЕАЭС. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что цифровизация и искусственный интеллект входят в число приоритетов государственной политики. По его словам, электронная коммерция, автоматизированные логистические системы и цифровой документооборот уже

стали важными элементами экономики.


Президент Беларуси Александр Лукашенко, в свою очередь, отметил, что евразийские логистические коридоры должны стать умными, мультимодальными и управляться через единую цифровую платформу. Это создает основу для единого информационного пространства в сфере перевозок.

В 2025 году запланировано дальнейшее расширение географии цифровых перевозок и развитие единой нормативно-технической базы. Активно ведется работа по унификации форматов ЭТД и технологической интеграции информационных систем.

Цифровизация железнодорожной логистики – это не просто модернизация, а стратегический вклад в конкурентоспособность, устойчивость и технологическое лидерство Казахстана в евразийском транспортном пространстве. ҚТЖ продолжает играть в этом процессе ключевую роль – надежную, системную и перспективную.

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА НЕ ПРОЩАЕТ БЕСПЕЧНОСТИ

Каждый год десятки инцидентов на железной дороге происходят из-за неосторожности или незнания элементарных правил безопасности. Чтобы предотвратить трагедии, АО «НК «КТЖ» продолжает масштабную и системную работу по предупреждению выхода посторонних на объекты железнодорожной инфраструктуры.

 **Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Астана

Только в первом полугодии 2025 года проведено 1 664 разъяснительные беседы с жителями населенных пунктов, расположенных вблизи железной дороги. В них приняли участие свыше 16,7 тысячи человек. В учебных заведениях по всей стране прошло 950 встреч на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», охвативших более 27 тысяч учащихся.

Особое внимание уделяется работе с нарушителями: совместно с ЛОВД, ВЖДО и НЖС проведено 1 557 рейдов в местах несанкционированных переходов. С гражданами, пренебрегающими правилами, проводятся разъяснительные беседы. Для усиления визуального контроля установлено и обновлено 526 предупреждающих знаков.


Профилактическая работа ведется не только на земле, но и на рельсах: машинисты передают информацию о замеченных посторонних лицах или животных

вблизи путей поездным диспетчерам, встречным составам и дежурным по станциям – для немедленного реагирования.

Также по всей сети состоялось 98 заседаний координационных советов с участием представителей транспортной прокуратуры, полиции, контролирующих органов и специалистов ҚТЖ. Главная цель – выработать совместные меры, направленные на снижение рисков.

Работа продолжается, ведь даже один спасенный человеческий поступок – уже результат.

НА УСПЕШНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

 **В состав Алматинского отделения грузовых перевозок входят два эксплуатационных вагонных депо – Алматинское и Достыкское (ВЧД-25 и ВЧД-26). Эти подразделения играют ключевую роль в обеспечении технического состояния вагонного парка и безопасности перевозок.**

 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Алматинское депо обслуживает промышленно развитый и густонаселенный регион с интенсивным грузооборотом. Достыкское депо расположено на стратегически важном направлении – на границе с Китаем, где проходит значительный поток транзитных поездов. Несмотря на различие в специфике, оба депо работают слаженно и демонстрируют высокий уровень технической подготовки.

Только за первое полугодие 2025 года к техническому осмотру было предъявлено 33 062 поезда по Алматинскому депо и 25 427 – по Достыкскому. Активно используются устройства зарядки и опробования тормозов (УЗОТ-РМ): в Алматинском депо, где установлено пять таких устройств, подготовлено 7 284 поезда (в 2024 году –



5 633), в Достыкском – 6 011 (в 2024-м – 5 810).

Количество отцепленных вагонов также возросло: в Алматинском депо – 3 387 (против 2 918 в прошлом году), в Достыкском – 2 859. Объемы текущего ремонта также выросли: 2 130 вагонов в 2025 году против 1 432 в 2024 году.

На межгосударственных стыках за первое полугодие по станции Достык передано 5 217 поездов

(в 2024 году – 5 326), по станции Алтынколь – 3 225 (в 2024 году – 3 084).

В ВЧД-25 в эксплуатации находится 35 средств автоматического контроля технического состояния подвижного состава (КТСМ). За шесть месяцев ими проконтролировано 124 050 поездов (в 2024 году – 121 161), остановлено 33 поезда (в 2024 году – 42), общее время задержки составило 13

часов 08 минут (в прошлом году – 10 часов 25 минут). В ВЧД-26 работает 22 установки КТСМ. Проконтролировано 64 902 поезда (в 2024 году – 82 979), остановлено также 33 поезда (в 2024 году – 77). Время задержки сократилось до 7 часов 02 минут против 20 часов 30 минут в прошлом году.

По технологическим неисправностям за полугодие в Алматинском депо составлено 24 акта ВУ-41, в Достыкском – 5.

Руководитель службы по вагонному хозяйству Юго-Восточного региона ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Бауыржан Мусагитов отметил, что, несмотря на разную специфику – городскую и приграничную, между депо выстроено эффективное взаимодействие, что позволяет обеспечивать стабильную и безопасную эксплуатацию вагонов. По его словам, оба депо активно внедряют современные методы ремонта, уделяя внимание подготовке кадров и формируют профессиональные, сплоченные коллективы, ориентированные на результат. Эти подразделения выполняют стратегически важные задачи по поддержанию надежности вагонного парка на одном из самых загруженных направлений страны.

Фото автора

БЕЗОПАСНОСТЬ ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ

 **Молодежь ҚТЖ Карагандинского региона при содействии Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» провела для детей работников железнодорожного транспорта яркую и познавательную акцию «Железная дорога глазами детей».**

 **Светлана МОГАЙ,**
Караганда

В ходе мероприятия ребята в увлекательной форме познакомились с правилами безопасного поведения вблизи зоны повышенной опасности – железной дороги. Как отметил региональный представитель по делам молодежи ҚТЖ по Карагандинскому региону Камбар Хасенов, школьники узнали много полезной информации, в том числе при посещении Детской железной дороги. Им рассказали, что этот уникальный аттракцион был построен в 1956 году, а эксплуатация началась в мае следующего года. Первоначально детский локомотив представлял собой тепловоз ТУ2-111 и три пассажирских вагона типа ПВО51. Позднее состав был заменен на тепло-

воз ТУ2-115. В 1970-х годах на линии появился ТУ2-037, а спустя десять лет – ТУ2-111, ранее принадлежавший Костанайской детской железной дороге.

С каждым годом детская железная дорога обновлялась и сегодня оформлена в сказочном стиле по мотивам произведений о Гарри Поттере.

Во время акции школьники обучались основам безопасности через игровые форматы – участвовали в викторинах, учились правильно переходить железнодорожные пути и создавали собственные «железнодорожные шедевры». Особое впечатление на участников произвела театрализованная сценка «Что случилось на переезде». Благодаря ей дети наглядно усвоили важные правила: нельзя прыгать с пассажирской платформы на пути,



ходить по рельсам, бегать рядом с прибывающими и отправляющимися поездами или устраивать подвижные игры на платформах.

Организаторами мероприятия стали инициативные и неравнодушные молодые железнодорожники, проявившие энтузиазм и заботу на каждом этапе подготовки. Все организационные вопросы – от заказа автобуса и подготовки реквизита до костюмов, раскрасок, значков, сладких подарков и аудиоборудования – были решены при поддержке Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Мероприятие прошло в теплой, доброжелательной атмосфере и стало настоящим праздником для детей, оставив яркие впечатления и полезные знания, которые обязательно пригодятся им в жизни.

Фото автора

ДО ЗИМЫ – ПО ГРАФИКУ

 **Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана



ҚТЖ поручено обеспечить стабильную логистику угля в регионы.

Министр энергетики РК Ерлан Аккенженов на стратегическом совещании по подготовке к отопительному сезону поручил АО «НК «Қазақстан темір жолы» обеспечить четкое выполнение графиков поставок угля и оперативно устранять возможные логистические сбои.

Отмечено, что стабильность прохождения отопительного сезона напрямую зависит от надежной транспортировки угля. Учитывая важную роль ҚТЖ в доставке топлива на ТЭЦ и в регионы, министерство будет координировать все процессы в ежедневном режиме.

Среди ключевых проблем – задолженность энергопредприятий перед угольдобывающими компаниями, в том числе перед ТОО «Богатырь Комир» – около трех миллиардов тенге. Министерству энергетики, акиматам и профильным ведомствам поручено организовать постоянный мониторинг накопления угля и погашения долгов.

ҚТЖ и другим участникам логистической цепочки предстоит обеспечить приоритетную отгрузку топлива для нужд населения и коммунального сектора.

Учения

ОТРАБОТАЛИ ОПЕРАТИВНО

 **Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

На станциях Шубарколь и Сарыколь Костанайского отделения магистральной сети ҚТЖ состоялись пожарно-тактические и комплексные учения с участием подразделений железнодорожной пожарной охраны, государственной противопожарной службы и звеньев гражданской защиты.

На станции Шубарколь отработан сценарий условного возгорания в полосе отвода. По прибытии на место железнодорожные пожарные провели разведку, определили боевые участки и направления ввода сил. Личный состав оперативно развернул оборудование, проложил рукавные линии, установил пожарные стволы и приступил к тушению. Благодаря слаженным действиям условный пожар был ликвидирован в кратчайшие сроки. В учениях приняли участие 18 человек и одна единица техники.

На станции Сарыколь проведено учение по ликвидации последствий аварии с железнодорожными цистернами, перевозящими хлор. По легенде, произошел сход одной из цистерн, сопровождающийся разливом хлора и возгоранием, создающим угрозу взрыва. На место оперативно прибыл восстановительный и пожарный поезд, а также экстренные службы. Очаг ЧС был быстро локализован, поврежденную цистерну вернули на путь и отбуксировали в безопасное место.

Проведенные учения показали высокий уровень готовности и взаимодействия всех служб в условиях чрезвычайных ситуаций.

ОПЕРАЦИЯ «ЛИКВИДАЦИЯ»

 **Анна МАРЬИНА,**
Илецк

На территории топливной базы Илецкого локомотивного депо в результате падения беспилотника произошло возгорание резервуара для хранения дизтоплива. По тревоге были подняты пожарный поезд «Илецк» негосударственной противопожарной службы АО «НК «КТЖ» и все причастные организации.



С такой легендой на станции Илецк успешно проведены пожарно-тактические учения по отработке навыков действий по ликвидации аварийной ситуации пожарного поезда «Илецк» совместно с работниками филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» и Илецкого железнодорожного участка. Начальник отдела безопасности ГП – Илецк Еркин Джумагазиев совместно с начальником пожарного поезда Бахытом Досмамбетовым организовали учения на территории топливной базы Илецкого локомотивного депо.

В ходе учений после инструктажа и теоретической подготовки были на практике отработаны действия работников по своевременному докладу об аварийной ситуации в диспетчерские службы структурных подразделений железнодорожного транспорта и территориальных подразделений, проведен комиссионный осмотр места аварийной ситуации и приняты меры по ее ликвидации.

– Учения проводились в целях закрепления знаний по действиям в чрезвычайных ситуациях, ведению аварийно-спасательных и неотложных работ, а также основных приемов и способов самоспасения и взаимопомощи, – пояснил начальник отдела безопасности ГП – Илецк Еркин Джумагазиев.

– Это был хороший урок всем участникам, как говорится, тяжело в учении – легко в бою. ГП «Илецк» прошел отработку, взаимодействие бойцов отряда с железнодорожниками отработано успешно до автоматизма, – с удовлетворением отметил начальник пожарного поезда Бахыт Досмамбетов.

Фото автора

ДОСТОЙНАЯ ЖИЗНЬ ЧЕЛОВЕКА



ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

Благодаря глубоким профессиональным знаниям, стремлению к постоянному развитию и владению казахским языком, Александр Исмухамедов – человек труда из глубинки – стал одним из руководителей ключевого подразделения АО «НК «ҚТЖ».

Он родился 4 сентября 1961 года в селе Черновцы Костанайской области в семье сельских тружеников. В 1984 году окончил Алма-Атинский институт инженеров железнодорожного транспорта по специальности «инженер путей сообщения – строитель».

Свой путь на железной дороге начал дорожным мастером в Чиганакской дистанции Алма-Атинской железной дороги, затем был бригадиром пути. В 1986 году вернулся в Костанайскую область, где работал в Костанайской дистанции пути Целинной железной дороги, а с 1989 года занимал должности заместителя начальника и главного инженера Новоурицкой дистанции.

В 1996 году стал главным инженером Костанайской дистанции пути ДГП «Ремпуть», вскоре возглавил ее. Далее – работа в филиале ДГП «Инфраструктура», должности заместителя директора по эксплуатации, помощника директора по инфраструктуре ЗАО «НК «ҚТЖ».

В 2004 году командирован в ТОО

«Казавтострой» для контроля за строительством участка Алтынсарино – Хромтау. После успешной сдачи объекта вернулся в ҚТЖ, где возглавил технический отдел, а затем стал главным инженером филиала.

С 2007 года – заместитель директора Костанайского отделения магистральной сети, с 2017-го – первый заместитель по эксплуатации. На этой должности он проработал вплоть до выхода на пенсию в октябре 2024 года.

За добросовестный труд был награжден нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін» и знаком «Почётный железнодорожник». Сегодня он на пенсии, но по-прежнему активен.

– Своим коллегам хочу пожелать: работайте с кадрами, обучайте молодых, повышайте профессиональный уровень коллектива. В этом – основа безопасности и стабильности всей системы, – говорит Александр Исмухамедов.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай

Фото автора

РЕТРОВЫСТАВКА О ДУХЕ ЭПОХИ

Каждого, кто заходит в здание Семейского отделения грузовых перевозок Усть-Каменогорска, встречает большой и яркий баннер, приглашающий посетить ретровыставку «Страницы стальных магистралей». И это, действительно, стоит сделать! Удивительная экспозиция, посвященная грядущему профессиональному празднику, погружает в атмосферу железнодорожной романтики и героизма периода 1920-1950-х годов.



Она открылась в уютном уголке рядом с технической библиотекой представительства ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу. Здесь все как будто дышит историей: старые и редкие издания книг по всем хозяйствам железнодорожного транспорта, подлинные нормативные документы – инструкции, правила, указания ушедших десятилетий, виниловый проигрыватель, музыка детства и юности многих из нас, много цветов и плакатов.

Самое старое издание датируется 1926 годом. Это один из знаменитых справочников «Хютте», который издавался для инженеров различных специальностей на немецком языке с 1857 года, а в довоенное время, в Советском Союзе, печатался в переводе. На выставке представлен справочник «Хютте» по транспорту.

Очень много книг посвящено паровозам, искусственным сооружениям, технике безопасности, опыту работы «машинистов-тяжеловесников». Здесь можно увидеть книги по основам телеграфии, геодезическим работам в пути, о хозяйстве, руководства в строительстве, руководства в строительстве каменщика и бетонщика мостовых тоннельных сооружений. Есть старые издания о Турксибе, истории железных дорог Казахстана. Есть

даже англо-русский словарь железнодорожных терминов 1958 года.

– Я давно вынашивала идею об организации выставки, – рассказывает ведущий библиотекарь Оксана Дьяконова. – Эти книги – из моего личного фонда. Много лет назад, когда я только начинала работу, часть из них мне подарил один из наших читателей, ветеран-железнодорожник. На тот момент ему уже было около ста лет! Он долгие годы работал машинистом паровоза и вот такую библиотеку собрал у себя дома. Еще была такая интересная история: предыдущим хозяином квартиры, куда я переехала много лет назад, являлся школьный учитель истории. Кладовка в квартире оказалась заполненной книгами по истории, энциклопедическими изданиями.

Сейчас Оксана Дьяконова готовит на выставку большую тематическую подборку из журналов, в которых даны подробные описания моделей старых паровозов и тепловозов, вагонов. Она считает: выставка – это уникальная возможность прикоснуться к истории прошлого столетия, лучше понять, как работали и чем жили железнодорожники ушедшей эпохи.

Ольга УШАКОВА

Фото автора

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ІЗІМЕН...

Еліміз бойынша ерекше маңызы бар оқиға – Абайдың 180 жылдық мерейтойы жақындап келеді. Семей теміржолында хакімнің рухани мұрасын насихаттауда ілкімді іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Жуырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көпсалалы қызмет көрсету орталығы» филиалы кәсіподағы мен Мемлекеттік тілді дамыту секторының ұйытқы болуымен Семей ЖТ бөлімшесінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Ұлы Абайдың ізімен» атты тақырыпта танымдық-тағылымдық мәдени іс-шара өтті.

Алқалы жиынға салалық кәсіподақ ұйымының төрағалары мен кәсіподақ белсенділері және ұлы ақын мұрасына қызығушылық танытқан желі бойындағы барлық мекемелер теміржолшылары қатысты.

Көпшілік алдында әуелгі кезекте Астанадан келген мейман – орталықтың кәсіподақ төрайымы



Күләш Даниярова сөз алды. Ол қазақтың бас ақыны қалдырған рухани мұра тағылымы жайлы сөз өрбітіп, ұлы Абай өсиеті мен қазіргі кәсіподақ қызметін ұштастырып өтті.

– Биыл Абайдың 180 жылдығы мен Кәсіподақ қызметінің 120 жылдық мерейтойы қатар келіп отыр. Абай өз нақыл сөздерінде еңбекті қадірлеуді, білім мен адалдықты ту еткені белгілі. Бұл – бүгінгі кәсіподақ ұйымдарының да, теміржолшылар қауымының да басты ұстанымы. Бірлікке, көптің игілігі үшін қарекет етуге үндейтін Абай тағылымы қазіргі күні де маңызды, – деп атап өтті Күләш Қабдрашитқызы.

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА



Өлке теміржолшыларының балалары үшін биылғы жазғы демалыс уақыты маусым айының аяғында басталды.

Табиғат құлпырып, жеміс-жидек пісіп-төгілген шақта балалар лек-легімен жазғы демалыс лагерлеріне аттануда. Бірінші лекпен 48 бала Ақтөбедегі «Әсем» лагерінде демалып келді. Шілденің орта шенінде тағы 60 бала Қостанайдағы «Светофор» лагерінде жазғы демалысын көңілді өткізді. Өткен сенбі 19 шілде күні 18 бала көрікті Көкшедегі «Парус» балалар лагеріне аттанып кетті.

«Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биыл 7-13 жас аралығындағы барлығы 138 бала 10 күн бойына жаз жайнатып, күн күлдіріп демалып қайтады» дейді кадр бөлімінің менеджері Е.Тарихов. Сол секілді Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша да 120 бала Ақтөбедегі «Әсем» сауықтыру орталығында демалады.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Суретті түсірген автор

Спорт

АЗУЛЫ АЛТЫ КОМАНДА ҚАТЫСТЫ

Жақында Магистральдық желі дирекциясының ауыспалы Кубогы үшін шағын футболдан турнир өтті. Жарысқа ЦЖС, ЦШ, ЭЧ-8, ПЧ-17, ЛЖС және РЦУП-3 мекемелерінің мықты жігіттерінен құралған алты команда қатысты.



Үшінші жыл қатарынан өткізіліп отырған турнирде әр команда намысты қолдан бермеуге тырысып, көрмендерге тартысты да қызықты ойын сыйлады. Алаң нағыз эмоциялық көңіл-күйге толы болды. Азулы алты командадан іріктелген финалдық ойын тіптен тартысты өтті. Ала допты үйіріп, әрқайсысы қарсыластар қақпасын нысанаға алды. Десе де, желмен жарысатын жылдамдық пен ептілік, шеберлік шешуші рөл атқаратын жарыста Магистральдық желі дирекциясы қызметкерлерінен құралған ЦЖС құрама командасы қарсыластарын шаң қаптырып, оза шауып, жеңіс

тұғырынан көрінді. Жолдың бабын жасауда ғана емес, теңбіл доп тебуде да шеберліктерімен танылған ПЧ-17 командасы екінші орынды еншілесе, үшінші орынды РЦУП-3 командасы қанжығасына байлады. Жөнімпаздар медальдармен, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталып, үздік ойын иелері ретінде лайықты бағасын алды. Ал Астана жол дистанциясы командасының ойыншысы Төлен Нұрбек турнирдің ең үздік ойыншысы атанып, Alem Fest-ке екі билет иеленді.

Ислам ТАЛҒАТ

Суретті түсірген автор

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Жаз – балалардың демалыс маусымы болғандықтан пойыздардағы жолаушылардың да басым бөлігін осы кішкентай саяхаттаушылар құрайды. Сондықтан көліктегі полиция жазда рейдтік іс-шараларын күшейткен.

Маңғыстаудың Сайөтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері станциядан өткен жолаушылар пойыздарын аралап, түсінік жұмыстарын жүргізуде. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың беймезгіл уақытта жүрісін және олардың теміржол бойында жарақаттануын, жазатайым жағдайларға ұшырауын болдырмау мақсатында акциялар мен профилактикалық жұмыстар ұйымдастыруда. Жақында өткен «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы барысында желілік полиция инспекторлары 10 әкімшілік құқықбұзушылықты тіркеп, құқық бұзушыларға тиісті хаттамалар толтырған. Түнгі мезгілде жаңғыз жүрген жасөспірімдерді анықтап, қажетті шаралар қолданған. Темір жолды белгіленбеген жерден кесіп



өткен бірнеше азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартқан.

– Балалар қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Темір жол қауіпті аймақ болғандықтан өскелең ұрпақтың осыны терең түсініп, өз өмірін қауіпке тікпеуін ескертеміз. Жауапкершілік баршаға бірдей. Ал заң талаптарын білмеу жауапкершіліктен босатпайды. Бір айтарлығы, осындай алдын алу, ақпараттандыру шараларының нәтижесінде соңғы уақыттарда бөлімше көлемінде балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын келеңсіз жайттар сиреген, – дейді Сайөтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы Нұрлыбек Рахметов.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау

Суретті түсірген автор

НА ПРАЗДНИКЕ ДРУЗЕЙ

В честь Дня металлургов, который отмечался 20 июля, по приглашению профсоюза металлургов «Жақтау» АО «Qatmet» команда Казпрофтранса приняла участие в спортивно-массовом мероприятии в рамках II Спартакиады трудящихся металлургического комбината.

Спартакиада 2025 года объединила работников предприятия в соревнованиях по 16 видам спорта, среди которых – армрестлинг, лыжные гонки, гиревой спорт, легкоатлетические эстафеты, волейбол и, конечно, перетягивание каната – один из самых любимых видов спорта у металлургов.

Команда Казпрофтранса достойно представила отрасль на футбольном поле. В матче за третье место железнодорожники одержали победу над командой ветеранов Темиртау, тем самым завоевав бронзовые медали турнира. В финале сильнейшей стала команда ветеранов «Шахтер», обыгравшая команду «Булат» и завоевавшая главный кубок.

– Было приятно в очередной раз встретить наших друзей из Темиртау и Караганды. Более 20 лет нас связывают добрые и крепкие отношения с профсоюзом «Жақтау» и «Қазуглепроф». Мы всегда с радостью принимаем участие в таких мероприятиях, особенно когда они посвящены профессиональному празднику, – отметил руководитель команды Казпрофтранса Абиор Джумаев. – Пользуясь случаем, поздравляю всех металлургов с прошедшим праздником. Желаю крепкого здоровья, благополучия и производственных успехов коллективу АО «Qatmet».

Бауржан АЙЛИН

Фото автора

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  КАЗКОЛКПКАСП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі» қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22, «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.
---	---	---	---	---